

"Әкетілетін және әкелінетін заттың мәдени құндылығының болуы туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет министрінің м.а. 2010 жылғы 21 қазандағы № 116 бұйрығының күшін жою туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 89 бұйрығы

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 43-1-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Әкетілетін және әкелінетін заттың мәдени құндылығының болуы туралы қорытынды беру» мемлекеттік қызмет көрсету регламентін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет министрінің м.а. 2010 жылғы 21 қазандағы № 116 бұйрығы (Мемлекеттік нормативтік құқықтық актілер тізімін тіркеу реестрінде № 6643 тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағы 2011 жылғы № 1 жарияланған) күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Мәдениет комитеті осы бұйрық күшіне енгізілгеннен кейін бір апталық мерзімде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне бұйрықтың көшірмесін жолдасын және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Д. Мыңбай